Алматы қаласы Білім басқармасының ШЖҚ «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы» МКК және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК арасындағы сынақ тестілеуін өткізу туралы
келісім-шарт № 1

Астана қаласы 2025 жылғы 2 сәуір

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын ШЖҚ «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы» МКК , Жарғы негізінде әрекет ететін бас директор Сагынгалиев Даурен Наурызбаевич атынан бір тараптан және бұдан әрі екінші тараптан «Қызмет көрсетуші» деп аталатын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының 2024 жылғы 2 қазандағы №301-н/қ бұйрығы негізінде әрекет ететін директордың орынбасары Талгат Жаксыбаевич Ниязов атынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 397-бабына сәйкес педагогтердің білімін бағалауға қатысты сынақ тестілеу қызметін ақылы негізде өткізу туралы шарт жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1. Шарттың мәні

1.1. Қызмет көрсетуші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымшаға сәйкес Тапсырыс берушінің педагогтердің білімін бағалау бойынша сынақ тестілеуін өткізу туралы өтініміне сәйкес сынақ тестілеуін өткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген қызметтерді қабылдауға және Шарт бойынша Қызмет көрсетушіге ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1. Бір қатысушы үшін ҚҚС-ті қоса алғанда 2140 (екі мың бір жүз қырық) теңгені құрайды.

2.2. Шарттың жалпы сомасы қатысушылар санына сәйкес еспептеледі (бұдан әрі – Шарттың сомасы).

2.3. Көрсетілетін қызметтер үшін төлемді Тапсырыс беруші қызмет көрсетілгеннен кейін қатысқан қатысушылар санына сәйкес есептеп орындалған қызмет актісінің негізінде 2025 жылғы 20 сәуірден кешіктірмей Қызмет көрсетушінің есепшотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

3. Тараптардың міндеттемелері

3.1. Қызмет көрсетуші мыналарға міндетті:

1. Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісті орындалуын қамтамасыз етуге;
2. Сынақ тестілеуі басталғанға дейін қатысушыларға ғимаратқа кіруге 30 минут бұрын қолжетімділікті қамтамасыз етуге;
3. Сынақ тестілеуі барысында техникалық ақаулар анықталған жағдайда оларды дереу жоюға;
4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымшасында көрсетілген қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге.

3.2. Қызмет көрсетуші:

1. Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін төлем талап етуге;
2. Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа №1 қосымшада көрсетілген қызметтерді мерзімінен бұрын көрсетуге;
3. Тапсырыс берушінің №1 қосымшада көрсетілген қатысушылары бекітілген мерзімде бақылау тестілеуге қатыса алмаған жағдайда алдын ала төленген ақшалай қаражатты қайтармауға;
4. №1 қосымшаға сәйкес сынық тестілеуге қатысатындардың саны 500 ден кем болған жағдайда Қызмет көрсетуші байқау тестілеуін өткізбеуге құқылы.

3.3. Тапсырыс беруші:

1. Көрсетілген қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде тез арада Қызмет көрсетуші жазбаша хабарландыру жасауға;
2. Қызмет ақысын осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлеуге міндеттенеді.

3.4. Тапсырыс беруші:

1. Көрсетілген қызметтердің сапасын тексеруге;
2. Қызмет мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда, Тапсырыс беруші көрсетілген қызметті мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы.

3.5. Төлем тек нақты тестілеуге қатысқан қатысушылар санына сәйкес есептеледі.

4.Қызметтер көрсету мерзімі

4.1. Қызмет көрсетушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6.Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары

6.1. Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

6.2. Шарт одан әрі оны орындау орынсыз болған жағдайда, Тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

7.Форс-мажор

7.1. Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілікте болмайды.

7.2. «Форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаларды білдіреді. Мұндай оқиғаларға соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқа да күш-жігермен алдын ала болжанбайтын жағдайлар жатады.

7.3. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Қызмет көрсетуші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс.

8.Даулы мәселелерді шешу

8.1. Тапсырыс беруші мен Қызмет көрсетуші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

8.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Қызмет көрсетуші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

9.Өзгерістер мен толықтырулар

9.1. Осы Шартқа Тараптардың өзара келісімі бойынша қосымша келісімдерге қол қою арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар тиісті нормативтік құқықтық актілерге сәйкес болуы тиіс және Тараптардың уәкілетті тұлғалары жасаған және қол қойған құжаттар ретінде қабылданады.

10.Шарттың түпнұсқалығы

10.1. Осы Шарт қазақ тілінде екі дана етіп жасалды. Әрбір Тарапқа бір данасы беріледі және бұл құжаттардың заңдық күші тең болады.

11. Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Алматы қаласы Білім басқармасының ШЖҚ «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы»
БСН 990440004229
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ45601A861021836991
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Тел.: +7 701 333 9293
Директор Сагынгалиев Даурен Наурызбаевич

_____
(қолы) (аты-жөні, тегі)

Күні «2» 04 20 ж.

М.О.

Қызмет көрсетуші:

«Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК
Астана қ, РОДНИКОВЫЙ, көшесі 1/1
БСН 000140001853
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ536010111000001515
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ

_____ Ниязов Талгат Жаксыбаевич
(қолы) (аты-жөні, тегі)

Күні «02» 04 2025ж.

М.О.

Алматы қаласы Білім басқармасының ШЖҚ
«Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың
ғылыми-әдістемелік орталығы» мен
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігінің
«Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК
арасындағы байқау тестілеуін
өткізу туралы № келісім-шартына
1-қосымша

Педагогтердің білімін бағалау бойынша сынақ тестілеуін өткізуге өтінім

№	Мекен-жайы	Қатысушылар саны	Мерзімі	Уақыты	Ескерту
1	Алматы қ. әл-Фараби к., 71	400	05.04.2025	8:30-10:45 (1 лек)	
2	Алматы қ. әл-Фараби к., 71	394	05.04.2025	11:00-13:15 (2 лек)	
	Барлығы	**794**			

Сагынгалиев Даурен Наурызбаевич

(қолы) (аты-жөні, тегі)

Күні «01» 04 20 ж.

М.О.

Ниязов Талгат Жаксыбаевич

(қолы) (аты-жөні, тегі)

Күні «02» 04 2025 ж.

М.О.